

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігінің  
«Республикалық қосымша білім  
беру оқу-әдістемелік орталығы»  
РМҚК директорының 2014 жылғы  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_  
бұйрығымен бекітілген

**Балаларға қосымша білім беру ұйымдар  
педагогтерінің біліктіліктерін арттыру  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

**«Қосымша білім беру ұйымдарындағы және жалпы білім беру  
мектептеріндегі әскери-патриоттық тәрбие»  
36 сағат**

**Түсініктеме хат**

Қазіргі таңда патриоттық тәрбие жалпы білім беру мектептері мен қосымша білім беру ұйымдар жұмыстарында алдыңғы орынды алады. Білім беру жүйесі мемлекет, қоғам алдында патриоттық тәрбие, азаматтық жауапкершілікке бағытталған.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің негізі белгіленген мемлекетқұрушы, жалпыұлттық құндылықтар көрсетілген.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қосымша білім беру ұйымдары және жалпы білім беру мектептеріндегі әскери-патриоттық тәрбие желісін дамыту және оның мазмұнын жетілдіру қарастырылған.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың ішкі және сыртқы саясатын қолдай отырып әскери-патриоттық клубтар мемлекет билігінің беделін арттырып келеді, әлеуметтік құндылықтар мен рухани-адамгершілік маңыздылығы ретінде жастардың азаматтық және патриоттық дамуын қамтамасыз етеді, кәсіби маңыздылығы жоғары қабілеттерін, конституциялық және әскери борышқа деген адалдық, әдеп пен жоғары жауапкершілікке, оларды өмірдің әртүрлі саласында белсенділік танытуға дайындық пен дағдыларын қалыптастырады.

Қосымша білім беру ұйымдарындағы және жалпы білім беру мектептеріндегі әскери-патриоттық бағыттағы педагогтердің алдында тұрған негізгі мақсат – оқушылардың әскери-патриоттық тәрбиесі, оларды әскердегі қызметке даярлау.

Қазіргі таңда Облыстардың, Астана және Алматы қалалары Білім басқармаларының ресми мәліметтері бойынша республикада **1 979** әскери-спорттық клубтар жұмыс жасайды, онда республика бойынша – **55 281 (2,2 %)** білім алушылар қамтылған.

Балаларға қосымша білім беру жүйесін дамыту жетістігінің келешегі ұйымдастыру, кадрлық, ғылыми, бағдарламалық-әдістемелік, материалдық-техникалықтың жалпы міндеттерін шешуге тәуелді.

денешынықтыру және спорт, әскери басқармалар органдарымен ынтымақтасу арқылы қосымша білім беру ұйымдарындағы және жалпы білім беру мектептеріндегі әскери-патриоттық және әскери-спорттық клубтардың қызметін дұрыс ұйымдастыру қоғамда пайда болған әртүрлі антиқоғамдық күрестердердің тиімділігін, жастарды тәрбиелеудегі бар әдістер мен түрлерді жетілдіру және жаңаны құрастыруға, белсенді түрде салауатты өмір салтын ұстануға, патриоттық қозғалыстың әрі қарай дамуына ықпал етеді.

Балаларға қосымша білім беру жүйесі педагогтердің біліктілігін арттыру білім алушының тұлғасын дамытуға бағытталған кәсіби-педагогикалық құзыреттілігінің жиынтығын қалыптастыру үдерісін ұсынады.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы әскери-патриоттық клубтар жетекшілерінің біліктілігін арттырудағы ұсынылған бағдарлама блоктық-модульдік ықпалға негізделген, келешекте патриоттық бағыттағы балаларға қосымша білім беруді дамытуды жетілдіруге қатысты сұрақтардың негізгі шеңберін қосады.

Бағдарламаның жалпы көлемі – 36 академиялық сағат.

Бағдарлама 4 оқу модульдерінен құралған.

Сабақтар Қазақстан Республикасындағы білім беру ұйымдарындағы жұмыстардың практикалық тәжірибесі мен теориясымен танысуды қарастыратын дәрістер мен практикалар, өзіндік жұмыстар мен жобаларды қорғау түрінде жүргізіледі.

Оқу бағдарламасы негізгі 4 модульдерден құралған.

#### **Нормативтік құқықтық модуль**

тыңдаушыларға қосымша білім беру ұйымдарындағы әскери-патриоттық бағыттағы педагогтердің және жалпы білім беру мектептеріндегі әскери-патриоттық бағыттағы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру, қосымша білім берудің нормативтік құқықтық құжаттардың мазмұнын жаңғырту сұрақтарын толық ашады.

**Психологиялық-педагогикалық модуль** балалардың жасерекшеліктерін есепке алып балалармен жұмыс барысында психологиялық-педагогикалық білімді жетілдіруді ұсынады.

**Бағдарламаның технологиялық модулі** раскрывает жаңа педагогикалық, жобалық және зерттеушілік технологияларды, қосымша білім беру ұйымдарындағы және жалпы білім беру мектептеріндегі әскери-

патриоттық жұмыстың формасы мен мазмұнын, оларды қолдану ерекшелігін, негізгі күтілетін нәтижелерді қарастырады.

**Практикалық-бағытталған модуль** құзыреттілікке бағытталған білімге ауысу жағдайындағы алғашқы әскери дайындық бойынша аймаққа бағытталған практикалық сабақтар барысында меңгеруге болатын инновациялық жобаларды жүзеге асыру тәжірибесі, педагогикалық жұмысты жетілдіру қарастырады.

Курсты жүргізу негізгі формалары дәрістер, семинарлар, практикумдар, шығу сабақтары, экскурсиялар, шығармашылық шеберханалар, шеберлік сыныптары, тренингтер болып табылады.

Мақсатты топтың мінездемесі: қосымша білім беру ұйымдарындағы және жалпы білім беру мектептеріндегі әскери-патриоттық тәрбие педагогтері.

**Курстың мақсаты:** қосымша білім беру ұйымдарындағы әскери-патриоттық бағыттағы педагогтер және жалпы білім беру мектептеріндегі әскери-патриоттық бағыттағы педагогтердің, соның ішінде әскери-патриоттық клуб жетекшілері мен патриоттық тәрбие беру педагогтердің шығармашылық потенциалын дамытудағы инновациялық технологиялармен, сондай-ақ заманауи Қазақстандағы жастардың азаматтық тәрбиесіндегі әдістер мен түрлермен, негізгі бағыттармен танысу.

**Курстың міндеттері:**

тыңдаушыларды қосымша білім беру жүйенің заңнамалық және нормативтік құқықтық қызметімен ақпараттандыру;

әскери-патриоттық бағыттағы заманауи оқу технологиялары туралы теориялық және әдістемелік білімдерін жетілдіру;

әскери-патриоттық қызмет жағдайында тәрбиенің әртүрлі түріне интеграциялық дағдыларды тыңдаушылармен меңгеру;

жалпы оқу (тәрбиелік) үдерістің және педагогикалық қызметтің кейбір компоненттерін жобалау.

Әскери-патриоттық клубтар жетекшілердің біліктілігін арттыру **курстың қорытынды нәтижесі** тұлғаны азаматтық және патриоттыққа тәрбиелеу мақсатында клубтардың қызметін ұйымдастырудағы инновациялықты ашу болып табылады.

## Курстың мазмұны

№	Модульдердің аталуы	Сағат саны		
		Барлығы	дәріс	практика
<b>1.</b>	<b>НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ МОДУЛЬ</b>	<b>8</b>	<b>6</b>	<b>2</b>
1.1.	Кіріспе. Курстың жалпы мінездемесі.	2	2	0
1.2.	Балаларға қосымша білім беру ұйымдар қызметінің заңнамалық және нормативтік-құқықтық негіздері.	2	2	0
1.3.	Қосымша білім берудегі әскери-патриоттық клубтар жетекшілерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру. «Өңірдегі әскери-патриоттық және азаматтық-патриоттық тәрбиенің әдістері мен түрлері».	4	2	2
<b>2.</b>	<b>ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МОДУЛЬ</b>	<b>8</b>	<b>3</b>	<b>5</b>
2.1.	«Әскери-патриоттық клуб жетекшісінің кәсіби дамуын психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету»	4	2	2
2.2.	Мұражай педагогикасы әскери және азаматтық-патриоттық тәрбиенің бір компоненті ретінде. «Атамекен – Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешен және № 17 орта мектептегі Жауынгер даңқының мұражайына шығу сабағы.	4	1	3
<b>3.</b>	<b>ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МОДУЛЬ</b>	<b>8</b>	<b>4</b>	<b>4</b>
3.1.	Заманауи деңгейде әскери-патриоттық клубтарды құру өзектілігі.	2	1	1
3.2.	Қосымша білім беру ұйымдарындағы әскери-патриоттық бағыт бойынша зерттеушілік және жобалық технологиялар.	2	1	1
3.3	Аталмыш бағыт бойынша клубтар мен үйірмелер қызметін ұйымдастыру арқылы әскери-патриоттық тәрбиенің үздіксіздігі және толықтығы.	4	2	2

<b>4.</b>	<b>ПРАКТИКАЛЫҚ-БАҒЫТТАЛҒАН МОДУЛЬ</b>	<b>12</b>	<b>0</b>	<b>12</b>
4.1.	Спорттың техникалық және әскери-қолданбалы түрі арқылы балалардың қажеттілігін қанағаттандыру.	2	0	2
4.2.	Әскери-патриоттық клубтарды ұйымдастыру бойынша жұмыстарды тиімді ұйымдастыру.	2	0	2
4.3	Әскери-патриоттық тәрбие: мәселелер және оны шешу жолдары.	2	0	2
4.4.	«Жас Ұлан» республикалық мектепке экскурсия	2		2
4.5	Қосымша білім беру педагогінің әскери-патриоттық бағыт бойынша инновациялық шығармашылық жобаларын презентациялау және қорғау. Есептемелерді дайындау.	2	0	2
	<b>Барлығы:</b>	<b>36</b>	<b>13</b>	<b>23</b>

**Қолданылған әдебиеттер:**

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы;

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050»: стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы;

Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі оқу бағдарламасы мен ғылыми-педагогикалық негіздерін құрастыру және жетілдіру. – Мәскеу, 1996.- 258 б.

Жалпы және қосымша білім беруді интеграциялау: практикалық құрал (Қосымша білім беру) / Е. Б. Евладова, А. В. Золотарева, С. Л. Паладьеваның редакциясымен. – М.: АРКТИ, 2006. – 29.